

А.Ш. Жұрасова^{1*} , Д.С. Муталова² 

¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Орал қ.

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қазақстан, Орал қ.

*e-mail: azhurasova@mail.ru

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ТАРИХЫНАН

Мақала аясында Бөкей Ордасындағы білім беруді дамыту мәселелері талданады. Авторлар аймақтағы білім берудің жалпы дамуына, мектептер мен оқу орындарының пайда болу тарихына, сондай-ақ патша үкіметінің білім беру саласындағы саясатының мазмұнына егжей-тегжейлі талдау жасаған. Мақалада мектептер мен оқу орындарының ашылуына және қызмет жасауына байланысты тарихи фактілер қарастырылады. Мұрағаттық материалдар мен дереккөздер негізінде зерттеліп отырған мәселе шеңберінде мәліметтердің үлкен қоры ұсынылған. Мақалада статистикалық материалдар келтірілген. Мақалада араб жазуын орыс графикасына көшіру туралы құпия циркулярлық хаттардың мазмұны, атап айтқанда Семей облысы генерал-губернаторының Батыс Сібір облысының генерал-губернаторына берген бұйрығы сияқты нұсқаулар, ережелер талданады. Авторлар патша үкіметінің білім саласындағы саясаты отарланған халықтарды орыстандырудың маңызды тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылғанын тұжырымдайды. Мақалада хан ордасындағы екі сыныптық мектепке айналған Орда мектептерінің ерекше инспекторы басқаратын орыс-қазақ мектептері, әйелдер мектебі, бастапқы сауаттылық мектептері, мұсылман мектептері, сондай-ақ бірінші орыс-қазақ мектебінің жұмысы туралы қызықты және мазмұнды тарихи материалдар бар.

Түйін сөздер: Бөкей Ордасы, Хан ставкасы, білім беру, саясат, генерал-губернатор, циркулярлық хат, орыс алфавиті, орыс-қазақ мектептері.

A.Sh. Zhurasova^{1*}, D.S. Mutalova²

¹West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Kazakhstan, Uralsk

²West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangirkhan, Kazakhstan, Uralsk

*e-mail: azhurasova@mail.ru

From the history of education in the Bukey Orda

The article analyzes the issues of education development in the Bukey Orda. The authors present a detailed analysis of the general development of education in the region, the history of the emergence of schools and educational institutions, as well as the content of the policy of the tsarist government in the field of education.

The article discusses historical facts related to the opening and functioning of schools and educational institutions. Based on archival materials and sources, a large layer of information is presented within the framework of the studied problem. The article provides statistical materials on the number of schools, the contingent of students, the distribution of funds for education, etc. The article analyzes the content of secret circular letters on the translation of Arabic script into Russian graphics, namely such instructions, provisions as the order of the Governor-General of Semipalatinsk region to the Governor-General of the West Siberian region. The authors summarize that the policy of the tsarist government in the field of education was considered as one of the important ways of Russification of colonized peoples. Russian Russian-Kazakh schools The article contains interesting and informative historical material on the work of the first Russian-Kazakh school in the Khan's headquarters, transformed into a two-grade school, a female one-class school, primary literacy schools, Muslim schools, as well as Russian-Kazakh schools, which were under the jurisdiction of a special inspector of Orda schools.

Key words: Bukey Orda, Khan's headquarters, education, politics, governor-General, circular letter, Russian alphabet, Russian-Kazakh schools.

А.Ш. Журасова^{1*}, Д.С. Муталова²

¹Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова, Казахстан, г. Уральск

²Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангирхана, Казахстан, г. Уральск

*e-mail: azhurasova@mail.ru

Из истории образования Бокеевской Орды

В рамках статьи анализируются вопросы развития образования в Букеевской Орде. Авторами представлен подробный анализ общего развития образования в регионе, истории возникновения школ и учебных заведений, а также содержание политики царского правительства в области образования.

В статье рассматриваются исторические факты, связанные с открытием и функционированием школ и учебных заведений. На основе архивных материалов и источников представлен большой пласт сведений в рамках изучаемой проблемы. В статье приводятся статистические материалы по количеству школ, контингенту обучающихся, распределению денежных средств на нужды образования и т.д. В статье анализируется содержание секретных циркулярных писем о переводе арабской письменности на русскую графику, а именно такие указания, положения, как приказ генерал-губернатора Семипалатинской области генерал-губернатору Западно-Сибирской области. Авторы резюмируют, что политика царского правительства в сфере образования рассматривалась как один из важных способов русификации колонизированных народов. Статья содержит интересный и содержательный исторический материал по работе первой русско-казахской школы в Ханской ставке, преобразованной в двухклассное училище, женском одноклассном училище, первоначальных школах грамотности, мусульманских школах, а также русско-казахских школ, находившихся в ведении особого инспектора ордынских школ.

Ключевые слова: Букеевская Орда, Ханская ставка, образование, политика, генерал-губернатор, циркулярное письмо, русский алфавит, русско-казахские школы.

Кіріспе

Қазақстан тарихындағы экономикалық және саяси мәселелермен қатар рухани даму, білім беру ісінің даму тарихы да өзекті мәселелер ретінде күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі. Негізінен Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуымен өзара қарым-қатынас күшейіп, нығайған кезде халықтың көзін ашу үшін оларға білім беру қажеттігі туындады. Бірақ мұндай өмір талабына қармастан патша үкіметі қазақ даласында мектеп ашу ісін кешеуілдете берді, тіпті қазақтардың арасында дала өлкесін билеуші патша чиновниктерінің өздері бастама көтергенде де ол нәтижесіз аяқталып отырды. Мұны Орданың шығыс бөлігін басқарушы сұлтан Ахмет Жантөриннің мектеп ашу жөніндегі тарихынан көруге болады. XIX ғасырдағы патша үкіметінің реформаларынан кейін Қазақстандағы білім беру ісінің дамуы да патша үкіметінің отарлық саясатының шеңберінен шығып кетпегенін бірқатар зерттеулер мен мұрағаттық материалдардан байқауымызға болады. Бірақ бұл зерттеулерде біз ұсынып отырған мәселе кеңінен талқыланбай, жалпы көрсеткіштер шеңберінде ғана көрініс алған. Осыған орай Қазақстан тарихында өзіндік орны бар Бөкей Ордасындағы білім беру ісінің даму мәселесін мұрағаттық құжаттар негізінде талдау өзекті және Қазақстандағы

білім беру ісінің тарихын толықтыруда маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Ішкі Орда немесе Бөкей хандығы XIX ғасырдың басында Жайық пен Еділ өзендерінің арасында қалыптасты. Экономикалық-саяси тарихымен қатар XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Бөкей Ордасындағы білім беру ісін талдау аймақтың мәдени-рухани өмірінде маңызды орын алады. Мәселе жалпы білім беру мен мемлекет саясатымен байланысты мәселе. Мәселені зерттеуге қатысты материалдар тобын үшке бөліп қарастыруға болады. Оның біріншісі жалпы білім беру ісіне қатысты зерттеулер, екіншісі патшалы Ресей үкіметінің ағарту министрлігінің журналдарының материалдары, үшіншісі мұрағаттық материалдар болып табылады.

Жалпы Ресей үкіметінің Қазақстандағы білім беру саласындағы саясаты мен білім беру ісінің даму тарихы Т.Тажимаев, А.Сембаев, Г.М.Храпченко, А.С.Ситдиқов зерттеулерінде қарастырылғанмен, Бөкей Ордасындағы білім беру ісі бұл зерттеулерде кең көлемде қамтылды деп айта алмаймыз. Себебі бұл зерттеулерде білім беру ісінің тарихы жалпы Қазақстан бойынша талданғандықтан, өлкенің білім беру

ісіне қатысты деректер жекелеген мысалдарда көрсетіледі. Хан ставкасындағы білім беру ісі мен мекептердің құрылу тарихы С.З.Зиманов, Т.З.Рысбеков еңбектерінде де қарастырылған. Бұл еңбектерде мектептердің қалыптасуының тарихи алғышарттары, статистикалық мәліметтер берілген. Жалпы зерттеудің негізгі деректік қоры жоғарыда атап кеткен екінші және үшінші топтағы деректерде орын алады. Ағарту министрлігі журналдарымен қатар өлкеге қатысты материалдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаты, Орал, Астрахань және Орынбор мұрағаттық қорларында сақталған. Осыған орай Бөкей Ордасындағы білім беру ісінің дамуы туралы деректерді талдау, сараптау мен мәселені айқындау мақаланың басты мақсаты болып табылады. Мақалада өлкенің білім беру ісінің дамуы мен патша үкіметінің саясатына қатысты деректерді қарастыруда ғылыми зерттеудің тиянақты әдістері болып табылатын талдау, жүйелеу, жалпы қорытынды жасау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талдаулар

Ресейлік білім берудің бағыттарын Қазақстанға енгізудің өзі екі кезеңнен тұрса, соның бірінші үгіт-насихат кезеңінде қазақ даласындағы орыс тілінде қазақтарға білім беретін алғашқы мектеп 1841 жылы Ішкі Бөкей Ордасындағы Хан ставкасында, екінші 9 жылдан соң 1850 жылы Орынборда Шекаралық комиссия жанынан ашылған еді. 1850 жылғы 31 шілдедегі Шекаралық Комиссияның Журналында он бір тәрбиеленушінің: Жұмағұл Жанбаев, Момын Байбосов (Жандосов), Жақын Амангельдиев, Едіге Айтоқаев (Айтокин), Жұлмұхамет Байжанов, Нұрым Мінсізбаев, Сегізбай Ақсартов, Досалы Байғожаев (Байғожин), Хариролла Қонаев (Халиолла Құнанов), Бекболат Күнгірбаев, Ибрахим Алтынсариннің келгені туралы мәлімет бар. Сонымен қатар осы он бір баладан басқа үш орын болады, оған 1850 жылғы 7 тамыздағы Орданың батыс бөлімінің билеушісінің №1495 мәлімдемесі бойынша «..Табын руының старшыны Шолақ Айбасов пен құрметті қырғыздар Қоспақ Қалмақбаев пен Ақсый Жангельдиннің өз балалары: Аймағамбет – 11 жас, Тоқтамыс – 12 жас және Сейтәлі – 11 жаста, мектепке оқуға беру тілегі бойынша сеніп тапсырылған» (ҚРОММ, 567-қор, 1-тізім, 41-іс, 17п.). Мектепте алғашқы жылы орданың шығыс бөлігінен – 20, батыс бөлігінен – 7, орта бөлігінен – 3 бала оқыған. Бұл мектептердің мақсаты «аға сұлтандардың

жазбалары мен есептерін жүргізетін және тек қазақтардан ғана қойылатын болыстар тілмашын дайындау» болған (ҚРОММ, 567-қор, 1-тізім, 215-іс, 9 п.). Патша үкіметінің осы саясатын тарататын негізгі оқу орындары орыс-қырғыз мектептері, орыс тілінде оқытатын арнаулы орта кәсіптік білім беретін оқу орындары болды. Бірақ бұл мектептердің шектеулі мақсаты, оқушыларды қабылдау құрамының тарлығы қазақ халқының қажетін өтей алмайды, өйткені бұл мектептерде сұлтан, би балаларынан іс-қағаздарын жүргізушілер мен тілмаштар ғана даярлады. Сондықтан да балаларын сауаттандыруды көздеген жергілікті халық патша әкімшілігі мен оқу-ағарту министрлігінің алдына арзанға түсетін және жалпыға білім беретін мектептерді ұйымдастыру мәселесін бірнеше рет қояды. Мысалы, Орданың шығыс бөлігін басқарушы сұлтан Ахмет Жантөрин 1845 жылы шекаралық комиссиядан өз ставкасында қазақ мектебін ашуға рұқсат сұрайды. Бұл сұранысы сәтсіз аяқталған соң, 1849 жылы 22 ақпанда екінші қайтара ұсыныс жасап, мектеп туралы жобасын ұсынады. Ол жоба бойынша «мектеп 40 балаға белгіленеді, оқу мерзімі – 3 жыл, жазу мен оқу орыс және татар тілдерінде жүргізілетін, жалпы мектеп ашуға кететін шығын 930 сом болатын болды» (Тажимаев Т., 1962:20).

Сонымен қатар сұлтан Жантөрин мұғалімдердің, оқушылардың жазғы тұрағы үшін киіз үйлер, көшіп-қонуға арбалар беруге міндеттеме ала отырып, егер үкімет мектеп ашуға қаржы бөлмесе, онда қазақ халқының өзі жинап мектеп ашуға қаржы таба алатынын мәлімдейді. Сондай-ақ осы мектепті бітірген оқуға қабілеті жоғары оқушыларды Шекара комиссиясы жанындағы мектепке жіберу де белгіленді, ал қалғандары ру басылардың, жергілікті басшылардың іс-қағаздарын жүргізушілер болады деп ұсыныс жасалды.

Шекаралық комиссия Жантөрин ұсынысын қолдап, Орынбор әскери губернаторына хат жолдайды, онда: «Осының бәрін сіздің құзырыңыздың қарауына тарта отырып, шекаралық комиссия Орданың шығыс бөлігінің басқарушысының ставкада мектеп ашу, сол арқылы Ордада сауаттылықты дамыту және Неплюев корпусымен Шекаралық комиссия жанындағы мектепке қабілетті тәрбиеленушілер даярлау туралы ойы пайдалы әрі негізді екенін хабарлауға міндеттеме алады», – деп жазылған. Сонымен қатар хатта: «Шекаралық комиссия жанындағы қазақ мектебінде Орданың шығыс бөлігінен 5 бала оқиды және бұл мектеп шығыс

бөлікке «күтпеген нәтижелерді» бере алмайды», – деп көрсетілген (Тажобаев Т., 1962:21).

Комиссия Жантөрин сұраған мектепке көп шығын кететінін есепке ала отырып, мектепті приход училищесі түрінде ашуды сұрайды. Бірақ Орынбор әскери генерал-губернаторы Обручев Жантөрин ұсынысын жүзеге асыруға қарсы екенін 1849 жылғы 11 қазандағы сыртқы істер министрі Л.Г.Сенявкинге хатында былай деп мәлімдейді: «Сұлтан Жантөрин сұранысының да, шекаралық комиссияның ұсынысының да дұрыс мәні бар, бірақ мұны жүзеге асыруға қарсымын, өйткені, біріншіден, бір ғана жалғыз орыс оқытушысы барлығын бірдей сауаттандыра алмайды; екіншіден, Жантөрин ұсынысын қолдап, бекітсек басқа сұлтандар да өз балаларын шекаралық комиссия жанындағы мектептен гөрі, көз алдарында оқытқысы келеді де, осындай сұраныс көбейіп кетуі мүмкін»-деген қаупін айта отырып, қазақ даласына мектеп ашуға қарсылық жасайды (Тажобаев Т., 1962:22).

Ал министр Л.Г.Сенявин де 21 қарашадағы жауап хатында Обручевтің пікірін қолдайды. Сөйтіп, батыс аймақтағы қазақ халқының арасындағы қазақ мектебін ашуға деген талпыныс сәтсіз аяқталады.

Білім беру ісінің екінші кезеңнің басталуына 1861 жылғы Ресейдегі крепостниктік құқықтың жойылуы, буржуазиялық қайтақұрулар және Қазақстанның Ресейге қосылуы мен шаруашылығының ресейлік экономиканың құрамдас бөлігіне айналуы себеп болды.

1865 жылдың 5 шілдесінде патша Екінші Александрдың қол қойған арнайы рескрипті екінші кезеңнің басталуына заңдық негіз салды. Бұл құжатта екі мәселеге, біріншіден, қазақ халқына толықтай билік жүргізудің жаңа ережесін, яғни 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформаны даярлау мен оны жүзеге асыруға; екіншіден, қазақ халқын орыстандыру мен оларды православие дініне енгізу шараларын жүргізуге айрықша көңіл бөлінді (Рождественский С.В., 1902:241).

Патша үкіметінің мектептерде орыстандыру саясатын жүргізу мақсаты осы бағыттың жақтаушысы А.Е.Алекторовтың «... начальная народная школа в инородческой орде должна стремиться к постоянному и последовательному обрусению путем развития русской грамоты и путем нравственного сближения инородцев с господствующей массой – русским народом» деген пікірінен де айқын көрініс тапқан (Алекторов А.Е. 1900: 93)

Осы мақсатты жүзеге асыруды қолға алған патша үкіметі 1866 жылы Өзен әскери линиясын таратып, бес бекіністі түпкілікті қазақтардың мекендеуіне береді. Олар Бөкей ордасының құрамына енгізіліп, Орынбор әскери губернаторлығына бағынады. Орынбор генерал губернаторының жыл сайынғы есебінде 1864-1865 оқу жылында Орал казак әскерінің жерінде 74 білім беру мекемесі болғандығы туралы мәлімет берілген. Осы кезеңде алғашқы зайырлы мектептер біртіндеп баяу да болса ашыла бастайды. Мұндай мектеп Орал әскери линиясының құрамындағы Сламихин, Абинский бекінісінде 1864 жылы ашылса, Таловка қисымында 1868 жылы ашылады. Патша үкіметінің саясатын жүргізу үшін орыс тілімен қатар әкімшілікке қазақ тілін білетін мамандарға деген қажеттілік те орын алды. Осы қажеттілікті өтеу үшін Орынборда ашылған Неплюев әскери училищесінің (1844 жылдан кадет корпусы) басты мақсаты туралы А.В.Васильев: «...мекеменің басты мақсаты азиаттықтарды орыстармен жақындастыру, ең алдымен орыс үкіметіне деген сүйіспеншілік пен сенімді саналарына сіңіру және өлкеге көзі ашық қайраткерлерді жіберу» деп жазған (Сембаев А. Храпченков Г.М., 1980:97). Бұл оқу орнының алғашқы тәрбиеленушілері Бөкей ордасының өкілдері болды. Кейін кадет корпусында екі бөлім – европалық және азиаттық бөлім ұйымдастырылды. Осы азиаттық бөлімдегі 100 орынның 30-ы қазақ сұлтан-билерінің балаларына берілді. 1825-1866 жылдар арасында осы бөлімді 37 қазақ бітіріп шыққан. 1866 жылы кадет корпусы әскери гимназияға айналып, оның бітірушілері әскери қызмет атқаруға тиіс болады. Қазақтар әскерге шақырылмайтын болғандықтан гимназияның қазақ оқушылары азаматтық оқу орындарына ауыстырылады.

Жоғарыда атап көрсеткен Орынбор ерлер гимназиясын ашу мәселесін көтерген генерал-губернатор Крыжановский болды. Оны жарактандыру үшін Орынбор губерниясының тұрғындарынан қаржы жиналған. Бұл іске Орал облысының қазақтары да белсене қатысқан. Ерлер гимназиясы жанынан қазақ балалары үшін стипендиялық қор ашылған. Тек 1878 жылы ғана Орынбор гимназиясына 8 бала қабылданып, Әміржан Бекмұхаметов, Бактыгерей Құлманов елден жиған қаржы есебінен, ал Ибатолла Есенбаев Таловкадан өзі барып оқуға түсті. Қазақтың көзі ашық азаматтары Ресейдің орталық оқу орындарында балаларын оқыту жөнінде үкіметке талай рет өтініш жасаған. Сол мақсатпен арнайы қор ұйымдастырылып,

жұрттан қаржы да жиналған. Мысалы, 1890 жылы Таловка қисымынан 1000 сом ақша Қазан университетіне берілген, Орынбор гимназиясын бітірген Таловканың тұрғындары Батырқайыр, Абдолкәрім Шомбаловтар Петербург университетіне осындай халық қаржысы есебінен түсіп оқиды. Олардың әрқайсысына Таловка қисымы жылына 300 сомнан төлеп отырған. 1868-1900 жылдары Орынбор ерлер гимназиясында 57 қазақ гимназисті оқыған. Олардың көпшілігі кейіннен Қазан, Петербург университеттерінде, Мәскеу ауылшаруашылық институтында, Қазан ветеринарлық институтында білімін жалғастырған. Соның бірі Мұқамет Ақтанов 1870-1877 жж. Орынбор ерлер гимназиясын оқып, 1877-82 жж. Қазан ветеринария институтын оқып бітірген (Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты, 12-қор, 6-тізім, 12979-іс, 3п).

Патша үкіметінің ағарту мекемелері отарланған халықтарды орыстандырудың шешуші кілті, нәтижелі құралы – аралас мектеп немесе әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдайларға орай ашылып отырған мектептер түрі мен кейбір кәсіптік оқу орындары болуы керек деп түйді. Осы себепті патша үкіметі орыс емес халықтар үшін мектептерді, оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту үшін емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет етер төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау мақсатымен ашып отырған. Бірақ осы іспеттес шет аймақтарда ашылған мектеп атаулының бәрі де миссионерлік мақсатты мықтап ұстанғанын өте құпия деген белгі соғылған Ағарту министрлігінің арнаулы нұсқауында да аталып өткен. Онда: «...народное образование на окраинах русской державы есть своего рода духовная война, воюющие стороны никогда не разглашают своих планов», – деп жазылып, өздері ерте бастан-ақ алдын ала ойластырылған әрі өте сақтықпен жүргізіп келген ағарту жұмысындағы миссионерлік саясатын шама келгенше бұратана халықтардың алдыңғы қатарлы өкілдеріне сездірмеуге тырысқан (Васильев А., 1898:52). Патша әкімшілігінің мектеп арқылы біртіндеп өткізетін миссионерлік әрекеттеріне жамылғы бүркемелеп, біртіндеп сіңіруге ұмтылған мақсатын елеусіз түрде құпия жүзеге асырмақшы болған әрекетін осы нұсқау дәлелдейді.

Қазақстанда халыққа білім берудің басты бағыттары 1867 ж. «Орал, Семей, Торғай, Ақмола және Сырдария, Жетісу облыстарын басқару туралы «уақытша ережелерде» анықталды. «Уақытша Ереженің» УП тарауының 262-пунктінде «Әрбір дала өлкесінде алғашқы

білім беру үшін әрбір уезд басқармасында қандай ұлтқа жататынына қарамастан бәріне ортақ бір үкімет мектебін ашу керек» деп көрсетілді (Храпченков Г.М., 1976:9).

Басқа пункттерде мектеп облыстың басқарма қаржысына ашылады, оқу бағдарламаларын білім беру министрлігінің келісімімен генерал-губернаторлар бекітеді деп көрсетілген. Ал 1860 жылғы 9 ақпандағы қабылданған заңда мынандай негізгі баптар көрсетілген:

а) Әр мектептің штаты 25 шәкірт, оқытушы және күзетші мен шектелген;

б) Штат толғанша барлық оқығысы келгендер жағдайына, тегіне, жасына қарамастан қабылданған;

в) Мектептегі оқылатын пәндер негізінен қазақ және орыс тілдерінің жазылуы мен оқылуы, арифметиканың төрт заңдылығы және қазан тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне аударма ісі енгізілген;

г) Оқыту әдісі ланкестерлік, яғни үлкендер кішілерді оқыту тәсіліне негізделген;

д) Мектепте оқу мерзімі 4 жыл;

е) Белгіленген 25 қазақ тәрбиеленушілермен мектеп камтамасыз етуге міндетті болды;

ж) Қазақ шәкірттерінен басқа, мектепке қоныс аударушылардың балаларына да оқуға мүмкіндік берілді (Учебное заведение всех ведомств...; 1896:236).

Мектептегі оқу ісін уездік, обылыстық басқарма бақылады, ал жоғарғы бақылау – халыққа білім беру министрлігі болды.

Халыққа білім беру саласында патша үкіметі негізінен басты екі мақсат ұстады, ол:

1. Орыс емес халықтарды орыстандыру.

2. Осы халықтардың артта қалуын және олардың әдет-ғұрпы мен мәдениетіндегі реакциялық сарқыншақтарды сақтап қалу болды.

Патша үкіметі өз реакцияшылдығына қарамастан халыққа білім беруді дамытуға өз күшін топтастыруға мәжбүр болды. Сондықтан Мемлекеттік кеңес 1866 жылы 17 қазанда аймақтық басқармалар жанынан қырғыз балаларын оқыту үшін жеті бастауыш мектеп құруға рұқсат береді. Бастапқы кезде мектептерді ұстауға 1050 сом, ал 1867 жылдан бастап 6580 сом бөлінеді. Уақытша кеңес 1867 жылы Ішкі Істер министрлігінің жарлығына сәйкес мектеп ғимараттарын салуға ақша бөлінді. Осы кезде Таловка бөліміне 1236 сом бөлінді (Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты, 450-қор, 1-тізім, 4-іс, 5п).

Бір кластық Талов мектебіне мұғалім болып, Хан ставкасындағы қазақ мектебін бітір-

ген Мұхамед-Рахим Қарабаев белгіленді. М. Қарабаев Ордаданы ең үздік, еңбеккор, өз ісіне берілген ұстаз болып саналған. Оның көптеген қазақ шәкірттері орыс тілін жақсы меңгеріп, Ордада тілмаш, хатшы болып жұмыс атқарған.

Жалпы 1868 жылы Бөкей Ордасы аумағында төмендегідей біркластық мектептер ашылады:

1. Қалмақ мектебі – Владимировка селосы;
2. Нарын мектебі – Ұялы көл шатқалы;
3. Қамыс-Самар мектебі – Новая Казанка селосы;
4. Таловка мектебі – Таловка селосы;

5. Тарғын мектебі – Хан Ордасы;
6. I Теңіз аймағы мектебі – Кокорев кордоны;
7. II Теңіз аймағы мектебі – Бакалаевск кордоны.

Аймақтық мектептердің ашылуына байланысты күн тәртібінде Орда мектептерін халықтық училищелердің Орынбор дирекциясына беру мәселесі тұрды. Бірақ бұл мәселе бес жылдан кейін шешілді.

1883-1892 жылдарда бұл мектептердегі оқушылар санын 1-кестеден көруге болады (Астрахань Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. 495-қор, 3-тізім, 145-іс, 21-23 пп.):

1-кесте – Бөкей Ордасы аумағындағы мектептер мен оқушылар

Мектеп атауы	1883 ж.	1884 ж.	1885 ж.	1886 ж.	1887 ж.	1888 ж.	1889 ж.	1890 ж.	1891 ж.	1892 ж.	Барлық барған оқушылар саны	Толық аяқтағандар саны
Қалмақ мектебі	9	8	1	0	6	5	2	3	2	3	217	32
Нарын мектебі	7	8	0	0	0	8	0	9	2	2	196	27
Қамыс-Самар	6	6	0	0	6	8	0	1	4	9	220	24
Таловка мектебі	4	5	0	0	8	0	4	4	8	0	243	28
Тарғын мектебі	5	5	2	1	0	8	8	0	9	9	188	19
II Теңіз аймағы мектебі	9	4	0	0	0	0	0	0	0	0	193	21
Әйелдер мектебі	0	0	2	1	8	8	6	4	6	6	191	16
Орда медресесі жанындағы орыс класы										6	16	

1-кестеден көрініп тұрғандай жергілікті тұрғындардың бастауыш білімге деген ынтасы жылдан-жылға өсе түскен.

Мектептегі оқушылар саны мен діни сенімдерінің қандай болғаны 2-кестеде көрсетілген (Астрахань Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. 495-қор, 3-тізім, 145-іс, 25-27 пп.).

1868 жылғы реформа мұсылман дін басыларының әрекетін шектеді. Патша үкіметі осы ережеден соң молдаларды және басқа дін қызметкерлерін өздері тағайындап бекітті, өз еріктерімен кемде-кімнің медресе ашуына, шіркеу салығын тағайындауына тыйым салынды. Қазақ ауылдарындағы мешіттердің жанынан мектептер ашу үшін уездік басқармадан мұсылман дін өкілдері ерекше рұқсат қағаз алуы

қажет болды. Осындай жолмен ашылған, яғни молдалардың өтінішімен ашылған мектептердің барлық шығынын қазақ шаруалары өтеуге тиіс болды. Сонымен қатар казак станицаларындағы, орыс қыстақтарындағы мектептерге өз балаларын оқытуға ниет білдірген қазақ шаруаларына аз ғана мөлшерде ғана ақы төлей отырып, балаларын оқуға беруге рұқсат етілді. Шын мәнінде бұл жердегі патша үкіметінің қазақ жастарын орыс мектептерінде оқытуды мақсаты қазақ балаларының сауатын ашу емес өздерінің отаршылдық пиғылын іске асыру болған еді.

Осы мақсатқа сай халық Ағарту Министрлігі 1868жылғы «Уақытша Ережеде» ұлтына қарамастан орыс тілінде білім беретін мектептерді ашуды күн тәртібіне қойды.

2-кесте – Бөкей Ордасындағы мектептердегі оқушылар көрсеткіші

	Екі кластық					Бір кластық				
	Ордалық	Үлкен Ганошкин	Қалмақ	Қамыс- Самыр	Нарын	Талов	Тарғын	Әйелдер мектебі	Медресе жанындағы орыс класы	Барлығы
	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Оқушылар саны:										
Ұлдар:	49	51	21	38	21	37	32	-	21	270
Қыздар:	-	-	-	4	-	1	-	32	-	37
Діни көзқарасы бойынша:										
Православ:	17	19	-	6	1	5	-	17	-	55
Мұсылман:	30	42	21	36	20	33	32	15	21	250
Лютеранц:	2	-	-	-	-	-	-	-	-	2

1870 жылы 26 мартта халыққа білім беру министрлігі ұлттық мектептер туралы тұңғыш заң шығарады. «Ресейді мекендеуші бұратаналарға білім беру шаралары туралы» Заң бойынша орыс емес халықтардың орыс тілін игеруіне қарай ұлттық мектептер үш категорияға бөлінеді:

1. Аз орыстандырғандарға арналған мектептер.
2. Орыстар көбірек шоғырланған жерлерде тұратындарға арналған мектептер.
3. Жеткілікті дәрежеде орыстанғандарға арналған.

Бірінші категориядағы мектептерде алғашқы оқу ісі оқушылардың өз тілінде орыс әрпімен басылған оқулықтар бойынша, кейін орыс тілін игерген соң оқу орыс тілінде жүрді. Екінші категориядағы мектептерде қазақ балаларымен қатар орыс балалары да оқыды. Оқу орыс тілінде жүрді, мұнда оқытушы жергілікті ұлттық тілді білуі керек болды, өйткені қазақ балаларына ауызша түсінік ана тілінде берілді. Үшінші категориядағы мектептерде оқу тек орыс тілінде ғана жүрді де, ана тілін қолдануға рұқсат етілген жоқ.

Шарт сонымен қатар Ресей үкіметінің халыққа білім беру министрлігінің 1870 ж. 26 наурыздағы «Ресейді мекендеуші бұратаналарға білім беру шаралары туралы» заңы мен 1901 ж. «Діни мектептерді қайта құру туралы» заңдарында орын алды. Патшалық Ресей үкіметінің мақсатын 1870 ж. Халық Ағарту министрі болған Д.А. Толстойдың, бұрын генерал-губернатор болған К.Л. Кауфманның «барлық бұратаналарға білім берудегі түпкі мақсаты – оларды орыстандыру және оны орыс халқымен біріктіріп,

қосып жіберу» деген пікірлерінен де көруге болады (Русско-инородческие школы системы Н.И.Ильминского, 1908:32).

Сонымен қатар 1876 жылы патшаның арабша жазуды орыс жазуына ауыстыру туралы жарлыққа қол қоюы патша үкіметінің отарлық саясатының түпкі мақсатын одан әрі айқындай түсті. 1876 жылы граф Толстой орыс алфавитін еш өзгеріссіз қазақ жазуына қолдану туралы Ыбырай Алтынсаринге нұсқау береді. Бұл туралы Ы.Алтынсарин өзінің «Қазақстанның облыстық мектептері туралы записка» деген еңбегінде: «... 1876 жылы граф Толстой Орынбор қаласына келген кезде... ең алдымен талқыға салынған мәселе – қазақтар арасында орысша оқуды үйрену жолдары мен ол үшін орыс алфавитін қазақ тіліне қолдануға болатын-болмайтындығы туралы мәселе қойылған еді. Бұл мәжіліске Орынбор өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы генерал-адъютант Крижановский, Орынбор оқу округінің қамқоршысы Лавровский, Қазандағы оқытушылар семинариясының директоры И.Ильминский және Торғай, Орал облыстарының губернаторлары қатынасқан, Олардың барлығы да қазақ тіліне орыс алфавитін қолдануға толықтай болады деген қорытындыға келген болатын», – деп жаза отырып, патша үкіметінің орыс жазуын қолдану туралы ойы саяси мақсатпен ұштасып отырғанын көрсетеді (Ситдиқов А.С., 1968:53). Яғни патша жарлығына қол қойылғаннан кейін қазақ даласын билеуші патша чиновниктері мен миссионер ғалымдары осы мәселені жүзеге асыруға бірауыздан ұйғарым жасауының өзі осыны дәлелдейді.

1870 жылы наурыз айының 26-сында қабылданған үкіметтің «бұратана» халықтар арасында сауаттылықты ашу туралы арнайы ережесінде мешіттердің жанында ашылған мектептерде де орыс тілін оқыту міндетті деп танылды. Ішкі Ордадағы мектеп жүйесі туралы Ішкі Орда училищелерінің инспекторы В.В.Катаринскийдің даярлаған есебінде, 1890 жылы Хан ставкасында бір мектеп және үш медресе бар екені, онда 110 оқушы, оның 12-сі қазақ оқушысы болғаны және бұл мектептердің патша әкімшілігінің рұқатынсыз ашылғаны жазылған. Инспектор ұсынысы бойынша жергілікті халықтардың наразылығын туғызбас үшін бұл мектептерді біртіндеп жауып, 1892 жылы Хан ставкасындағы соңғы мұсылман мектебі орыс-қазақ мектебіне айналдырылады (Катаринский В.В., 1906:221 с.).

Осы Заңға сай XIX ғ. 2-жартысында орыс-қазақ мектептері ашылып, сол арқылы орыстандыру әрекеттері жүргізілді. Патша үкіметінің бұл саясаты капитализм мен товар-ақша қатынастарының өсуімен қатар Қазақстанда XX ғ. басында да ілгері жалғасып күшейе түсті. 1896 жылы Бөкей Ордасында 24 қазақ-орыс мектебі болады, онда 708 оқушы оқиды, оның ішінде 629-қазақ, 64-орыс, 15-татар, ал 35-і қыз бала болған (Астрахань Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. 495-қор, 4-тізім, 516-іс).

Бүкіл Бөкейлікте бастауыш мектептер көбейіп, оқушылар саны жылдан-жылға артқанмен патша әкімшілігі өлкеде бірде-бір орта білім беретін оқу орнын ашпайды. Белгілі бір мамандық алып шығатын арнаулы мектепте, қолөнер училищесі де ұйымдастырылмайды. Себебі үкімет тарапынан қаржы бөлінбейді, ал жергілікті атқару мекемелерінде мүмкіндік болмайды. Жергілікті ауқаттылар тарапынан да ондай бастамалар көтерілмейді. Сол кездегі Жалпақтал жылқы зауытының иесі П.Я.Овчикниевтың жағдайы болса да ол оқу орнын ашуға ниет етпейді, өз балаларын Петербургта оқытады. Сол себепті өз білімін жалғастырып, мамандық алғысы келген Таловка қисымының жастары Ресей қалаларына, көбінесе Қазан, Үпе (Уфа), Оралға аттанды. Тіпті кейбірі шет елден білім алып қайтты. Қазан университетінің заң факультетін Батырқайыр Жүсіпұлы Ниязов (1896 жыл), сосын Мәжит Шомбалов (дәрігер), Сақыпкерей Жанболатов (заң), Мұқаметжан Қарабаев (дәрігер), Сарытау университетін Ахмет Жүсіпұлы Ниязов (дәрігер), Мүбина Ниязова (дәрігер), Петербург университетін Абдулкерім

Ниязов (заң), Ыстамбұл университетін Ысмағұл Шанов, Әбдірахман Ғайсин, Қалиолла Есенбаев, Қажым Басымов Орынбор, Хусайния медресесін, Ишанғали Мендіханов, Ахметқали Жадралиев, Мұхамед-Рахим Қарабаевтар Орынбор оқытушылар семинариясын, Каир (Мысыр) университетін Ғабдолғазиз Мұсағалиевтар бітіріп шықты (Журасова А.Ш., 2021:29).

Өңірде болыстық орыс-қазақ мектептері біртіндеп көбейе бастағанмен, мектеп жағдайы төмен болды. Көпшілігі құрал-жабдығы жоқ, тар үйлерге орналасты, оқытушылардың білім дәрежесі төмен болды. Осының бәрі оқуды өз деңгейінде жүргізуге кері әсерін тигізді. Осыған қарамастан қазақтар мектеп ашу қажеттігін ескере отырып, 1899 жылдан бастап, ауылдық жерлерде мектеп ашуға өздері қаржы бөле бастады. Ауыл қоғамы жыл сайын мектеп ашуға 300 сомнан ақша бөліп тұрды, ал оқытушыға 5 сомнан төледі. Бірақ оқытушылардың даярлығының төмендігінен балалардың білімділігі де төмен болды, оқытушы балаларға жыл бойы тек әріп таныта алды, ал жазуда олар өте төмен дәрежеде болды.

Батыс аймақтағы маңызды оқиға ұлттық мектептер үшін мұғалім кадрларын даярлауда елеулі роль атқарған 1914 жылы Хан Ставкасындағы жоғарғы бастауыш әйелдер училищесінің, одан кейін Калмақ бөлімінің 7 старшындығында Сербасты ерлер училищесінің ашылуы болды. 1915 жылы 9 біркласты училище ашылады. Бөкей Ордасындағы мектеп жүйесі санының аздығына қарамастан қазақтардың сауаттылығының артуына едәуір дәрежеде ықпал етті.

1876 жылы Орынбор оқу округына Ағарту министрлігінің инспекторы ретінде халыққа білім беру министрі Толстой келіп, кеңес өткізеді, онда Орынбор оқу округына қарайтын жерлердегі қазақтарға білім беру мәселесі талқыланды. Кеңесте: «Орыс алфавиті қырғыз тіліне толық сәйкес келеді, бірақ орыс-қырғыз мектептерінде оқытуды ескеру үшін қырғыз тілін білетін дала болыстарында оқытушылар жоқ, ал онсыз мектепке түсерде бір ауыз орыс сөзін білмейтін қырғыз балаларына орыс тілін үйрету мүмкін емес»-дей отырып, мұндай мектептерге қажетті оқытушыларды даярлау үшін өлкеде қазақ оқытушылар мектебін ашу керек деп шешім қабылдайды (Тажимаев Т., 1962:27).

Лавровский министрлік оқулықтарды орыс және татар тілдерінде ғана құрастыруға мән беріп, нәтижесінде қазақ мектептері қиын жағдайда қалды дей отырып, татар, башқұрт және

қазақ мектептерінің инспекторы Катаринскийге «қырғыздардың» дүниетанымын қалыптастыру үшін қазақ мектептеріне арнап орыс алфавитімен оқулықтар құрастыруды ұсынды.

Күнделікті тұрмыста ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан араб жазуын кириллицамен алмастыру мақсаты бүкіл қазақ халқының ұрпағын ата-баба салтынан, наным-түсінігінен, тарихи естегі дәстүрлі сабақтастықтан үзіп, рухани жағынан қалай илесен солай қарай жығылып мойын ұсынатын көнбіс құлға айналдыруда жатты.

Орынборға келген Ағарту министрі граф Толстой қазақ халқы үшін арабша жазуды орыс графикасына көшіру үшін өткізілген арнайы мәжілісте нақтылы нұсқаулар берді. Оны Семей генерал-губернаторының 1878 жылы 26 қыркүйектегі құпия деген белгі соғылған Батыс-Сібір генерал-губернаторына жазған N 9623 – қатынас қағазында: «...Қырғыздарға үкімет орындарының өкімдерін қырғыз тілінде жариялау қажет болған жағдайда орыс әліпбиі қолданылады. Жоғары мәртебелі 4 мамырдағы № 26 ұсынысыңыздың негізінде қырғыз интернаттарында қырғыз тілін бір әліпбиде көрсетуді үйрету енгізілуде. Даладағы орыс әліпбиі арабшадан басым түсетін заман туады», – деп жазуынан аңғаруға, мәселенің түп-төркіні граф Толстой ағарту саласында мемлекеттік миссионерлік саясатты жүргізуші қайраткер ретінде берген нұсқаудың сарыны көрініп тұрғанын байқауға болады [1,63].

Біз қарастырған материалдардан көретініміз патша үкіметінің ағарту саласындағы шығарған заңдары оның отарлаушылық, қазақ даласын ағартудан гөрі өз саясатының қолшоқпарына айналдыру тұрғаны анық байқалады. Яғни патша

үкіметінің білім беру саласындағы саясаты таза отарлаушылық бағытты ұстанғанын көреміз.

Қорытынды

Жалпы біз қолданып, талқылаған материалдар бойынша мынадай түйін жасауға болады

- патша үкіметінің мақсаты жергілікті халықтан отаршылдық саясатты жақтаушы чиновниктерді даярлау, орыс тілі арқылы орыстандыру саясатын жүргізу болғаны екені айқындалып отыр.

- Осындай мақсаттың қойылып, оны жүзеге асыру шараларының жүргізілгеніне қарамастан білім алған қазақ жастары орыс тілін үйреніп, отаршылдық саясатпен жақын танысып, олардың алдыңғы қатарлы өкілдері қазақ халқының алғашқы интеллигенциясын құрап, халық мүддесін жақтай бастады, олардың бірқатары ХХ ғасырдың басында саяси ортаға шықты.

- Патша өкіметінің «жымысқы» саясатының нәтижесінде ашылған «орыс-қазақ» мектептері өлкеге білім мен ғылымның таралуына негіз салды.

- Өлкеде білім мен рухани дамуға тегіне қарамастан қазақ халқының өкілдері де үлес қосқанын көреміз.

- Сол кезеңде білім алған қазақ жастары ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруға және этнопедагогиканың негізін қалап, ғылымға айналуына көп еңбек сіңірді. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан азаматтар ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді.

Әдебиеттер

- ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 567-қор, 1-тізім, 41-іс.
ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 567-қор, 1-тізім, 215-іс.
Тажибаев Т. (1962) Просвещение и школы Казахстана во II пол. XIX в. Алма-Ата. с.507.
Рождественский С.В. (1902) Исторический обзор деятельности Министерства народного Просвещения. 1802-1902. Спб. С.401.
Алекторов А.Е.(1900) Очерк народного образования в Тургайской области. Летопись. 1844-1898 гг. Оренбург. Вып. 3. С. 234.
Сембаев А. Храпченков Г.М.(1980) Очерк по истории школ Казахстана./1901-1917/Алма-Ата.-366 с.
Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты, 12-қор, 6-тізім, 12979-іс, 3п
Васильев А. (1896) Материалы к характеристике взаимных отношений татар и киргиз. Оренбург. 89 с
Храпченков Г.М.(1976) Научно-педагогические вопросы народного образования в Казахстане. Алма-Ата: Мектеп. 144 с.
Учебное заведение всех ведомств и наименований, находящийся на территории Оренбургского учебного округ а по переписи 1894 г.(1896) Оренбург.1896. с.274
Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты, 450-қор, 1-тізім, 4-іс, 5п

- Астрахань Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. 495-қор, 3-тізім, 145-іс
Русско-инородческие школы системы Н.И.Ильминского(1908)//Журнал Министерства Народного Просвещения.№2.ч.13
Ситдиқов А.С.(1968) Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина.Алма-Ата. «Мектеп». 1968. 168 с.
Катаринский В.В.(1906) Грамматика киргизского языка. Санкт-Петербург, 1906. 221 с
Астрахань Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты. 495-қор, 4-тізім, 516-іс
Журасова А.Ш.(2021) XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстанның рухани ахуалы. Алматы. Эверо.148 б.

References

- QR Ortalyq Memlekettik Muragaty, 567-qor, 1-tizim, 41-is. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]
QR Ortalyq Memlekettik Muragaty, 567-qor, 1-tizim, 215-is. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]
Tazhibayev T. (1962) Prosveshhenie i shkoly Kazahstana vo II polovine XIXv.Alma-Ata. p.507.
Rozhdestvenskij S.V. (1902) Istoricheskij obzor dejatel'nosti Ministerstva narodnogo Prosveshhenija. 1802-1902. Spb. p.401.
Alektorov A.E. (1900) Ocherk narodnogo obrazovaniya v Turgajskoj oblasti. Letopis. – 1844-1898 gg. [Essay on public education in the Turgai region. Chronicle. – 1844-1898]SpB. p.401
Sembaev A. Hrapchenkov G.M.(1980) Ocherki po istorii shkol Kazahstana./1901-1917/ [Essays on the history of schools in Kazakhstan./1901-1917] Alma-Ata.-366 p.
Orynbor oblystyq memlekettik muragaty12-qor, 6-tizim, 12979-is, 3p, [Orenburg regional state archive]
Vasil'ev A. (1896) Materialy k harakteristike vzaimnyh otnoshenij tatar i kirgiz. [Materials to characterize the mutual relations of the Tatars and the Kirghiz] Orenburg, 1898. – 89 p.
Hrapchenkov G.M. (1976)Nauchno-pedagogicheskie voprosy narodnogo obrazovaniya v Kazahstane. [Scientific and pedagogical issues of public education in Kazakhstan] Alma-Ata: Mektep, 1976. – 144 s.
Uchebnoe zavedenie vseh vedomstv i naimenovaniy, nahodjashhij na territorii Orenburgskogo uchebnogo okruga po perepisi 1894 g.(1896) [An educational institution of all departments and names, located on the territory of the Orenburg educational district, but according to the 1894 census] Orenburg.1896. p.274.
Orynbor oblystyq memlekettik muragaty, 450-qor, 1-tizim, 4-is, 5p. [Orenburg regional state archive]
Astrahan' Oblystyq Memlekettik Muragaty. 495-qor, 3-tizim, 145-is [Astrakhan Regional State Archive]
Russko-inorodcheskie shkoly sistemy N.I.Il'minskogo (1908)// [Russian-foreign schools of the system of N.I. Ilminsky] Zhurnal Ministerstva Narodnogo Prosveshhenija.№2.ch.13
Sitdikov A.S. (1968) Pedagogicheskie idei i prosvetitel'skaja dejatel'nost' I.Altynsarina. [Pedagogical ideas and educational activities of I. Altynsarin]. Alma-Ata. «Mektep».168 p.
Katarinskij V.V.(1906) Grammatika kirgizskogo yazyka. [Grammar of the Kyrgyz language] SPb.p.
Astrahan' Oblystyq Memlekettik Muragaty. 495-qor, 4-tizim, 516-is[Astrakhan Regional State Archive]
Zhurasova A.Sh.(2021) XIX gasyrdyn songy shiregi men XX gasyrdyn basyndagy Batys Qazaqstannyn ruhani ahualy. [The spiritual situation in Western Kazakhstan in the last quarter of the XIX century and the beginning of the XX century] Almaty. Evero.p.148.